

Лисаков қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2018 жылғы 7 ақпандағы № 201 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 7552 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес Лисаков қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессияның төрағасы

А. Яценко

Қалалық мәслихат хатшысының

міндетін атқарушы

И. Неявко

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Лисаков қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ **Ф. Сариев**

2018 жылғы "7" ақпан

Мәслихаттың
2018 жылғы 7 ақпандағы
№ 201 шешіміне
қосымша

Лисаков қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Мәслихаттың 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 169 "Бірыңғай тіркелген салықтың мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-4-143 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған).

2. Мәслихаттың 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 384 "Мәслихаттың 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 169 "Бірыңғай тіркелген салықтың ставкаларын белгілеу туралы"

шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6148 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 11 ақпанда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған).

3. Мәслихаттың 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 418 "Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-4-183 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 7 сәуірде "Лисаковская новь" газетінде жарияланған).

4. Мәслихаттың 2015 жылғы 18 тамыздағы № 338 "Мәслихаттың 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 418 "Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5874 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 6 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. Мәслихаттың 2016 жылғы 17 наурыздағы № 425 "Мәслихаттың 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 418 "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6245 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 12 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).